



**Әлеумет білім беру саласы
бойынша МАД тобына
арналған ойындар
картотекасы**

Карточка № 1

«Кім тез жинайды»

Ойын мақсаты: Көкөністер мен жемістерді ажырата білуге үйрету. Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.

Ойын шарты: Тәрбиеші балаларға ойын шартын түсіндіреді. Себеттің сыртында алма мен қиярдың суреті жапсырылады. Алманың суреті бар себетке жемістер, ал қиярдың суреті бар себетке көкөністер салынады.

Балалар екі топқа бөлініп тұрады.

Тәрбиешінің белгісі бойынша балалар ойынды бастайды. Ойын соңында қай топ тез әрі дұрыс жинайды сол топ марапатталады.

Ойынды топта я болмаса аулада ойнауға болады.

Ойын 4-5 рет қайталанады.



Картотека № 2
«Бізге күз не әкелді?»

Мақсаты: *Күз бізге не әкелгені туралы білімдерін бекіту. Көкөністер мен жемістердің адам ағзасына пайдасы туралы ұғымдарын бекіту. Ойын арқылы түстерді, жемістер мен көкөністерді ажырата және атай білуге үйрету.*

Көрнекіліктер: *Күздің суреттері, жемістер мен көкөністердің суреттері.*

Ойын шарты: *суреттерін көрсетіп, олардың бір-бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында олар туралы балалардың білетін тақпақтарын айтқызуға болады.*



Картотека №3

«Жануарларға қамқор боламыз»

Мақсаты: Балаларды жануарларға қайырымдылықпен қарауға тәрбиелеу. Балалардың үй жануарлары туралы білімін тереңдету және жүйелеу. Балаларды сипаттау арқылы жануарларды білуге үйрету. Өз көңіл-күйін білдіруге, басқаның көңілін түсінуге баулу. Білімдерін бекіту.

Ойын шарты: Балаларға үй жануарларының суреттері таратылып беріледі. Әр бала сурет бойынша үй жануары туралы білетінін немесе өз ойын білдіреді.

- Жануарларға қалай қарау керек, қандай қарым-қатынаста болу ережесін құрайық:

Жануарларды жақсы көру керек.

Жануарларды күту керек.

Уақытында тамақтандырып, серуенге шығарып отыру керек.

Олармен ойнау керек.

Оларды ызаландыруға, аяқпен тебуге, ауыртуға болмайды

Көрнекіліктер: үй жануарлары мен дала жануарларының суреттері



Картотека № 4

«Құстар біздің досымыз»

Мақсаты: Балаларға құстар туралы білім беру, білімдерін жетілдіре түсу. Суреттер бойынша есте сақтау қабілетін дамыту. Құстарға қамқорлықпен қарауға баулу.

Ойын шарты: суреттер бойынша құстарды екі топқа топтастыру. Балалар сұрақтарға жауап береді, бір-бірінің жауаптарын толықтырады.

- Қыстап қалатын құстарға қалай көмектесеміз?

- Құстар ұяны не үшін салады?

- Құстардың денесін не жауып тұрады?

Көрнекіліктер: Құстардың суреттері

Картотека № 5

«Нан дастарханға қалай келеді?»

Мақсаты: Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөніндегі балалардың білімдерін толықтырып жүйелеу. Диқаншылардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.

Сөздік қорын толықтыру:

майдалау, себу, диқаншы, комбайн, элеватор, диірмен.

Көрнекіліктер: егін даласына қажетті суреттер

Ойын шарты: Жүргізушінің белгісінен кейін бос тор көздерді жарыса отырып, қажетті суреттермен толықтыру.



Картотека №6
«Жыл мезгілдері»

Мақсаты: Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету (қыс,көктем,жаз,күз).
Мезгіл өзгерістерін талқылау.

Көрнекіліктер: Жыл мезгілдері суреттері мен карточкалары.

Ойын барысы: Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады,әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар. Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері карточкасын алып сәйкес келетін мезгілдерге қойып шығады.(мысалы:қыс мезгіліне қар,шырша,аққалат.б.)



Картотека №7

«Мамандықтың бәрі жақсы»

Мақсаты: Балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру, еңбекті құрметтеуге дағдыландыру, өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: әр түрлі мамандықтар суреттері

Ойын барысы: суреттер тақтаға іленеді. Бала өзі қалаған мамандығын қарап алады да, сол мамандық туралы әңгімелейді. Неге ұнататынын, қандай жақсылығы барлығын әңгімелейді.

Картотека №8

«Бұны қай кезде киеді?»

Мақсаты: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін баяндату арқылы сөздік қорларын молайтып, ауыз екі сөйлеуге баулу.

Көрнекілік: жыл мезгілдеріне сай киімдердің суреті

Ойын шарты: суреттегі киімдерді қай мезгілде киетіндігін айтқызу.



Картотека №9

«Өзім және отбасым»

Мақсаты: Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінік беру, бақытты жанұяның қандай болу керектігін кеңінен түсіндіру.

Жанұядағы сыйластыққа, адамгершілікке, инабаттылыққа, ынтымақ пен бірлікке, татулық пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Үлкенді үлгі, кішіні мақтан етуге, отбасының бірлігін сақтап, жанұяның мақтаны болуға тәрбиелеу.

Ойын шарты: суреттер бойынша әңгіме жүргізу.

Бір үйде біз нешеуіміз? Бір үйде біз бесеуіміз.

Анам, әкем, апам, атам және мен.

Бір үйде біз нешеуіміз? Бір үйде біз бесеуіміз.

Балалар санамақты тыңдап, тәрбиешінің артынан қайталайды. Саусақтарымен санап көрсету арқылы санамақты қайталайды.

Санамақта ата, ана, аға, әпке, бауыр туралы айтылған.

Осы айтылғандардың бәрін отбасы деп атаймыз.

Отбасындағы ата мен әже, ата - баба болып келеді, әкең мен шешең, ата - ана. Ал әпке, аға, ата - ана, балалар отбасының мүшелері болады.



Картотека №10

«Жол әліппесі»

Мақсаты: балаларды алдын-ала көшеде жүру ережесімен жүргізушілерге арналған жол және белгілермен таныстыру, жолда жүру ережесін меңгерту дағдысын қалыптастыру.

Іс жүзінде жол ережесін сақтауға үйрету. Бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру.

Ойын шарты: Көлік жүргізушілер мен жүргіншілер жолда қалай жүру керек екенін суреттер бойынша көрсетіп, әңгімелейді.

Картотека №11

«Әдептілік»

Мақсаты: Балаларды «жақсы» «жаман» сөздерінің мағынасы мен оларды орынды қолдануға үйрету. Бала бойына мейірімділік, қайырымдылық, адамгершілік және де басқа жақсы әдеттердің орнығуына барынша мүмкіндік жасау.

Ойын шарты: Столдың үстінде бірнеше суреттер жатыр. Сол суретті алып, суреттегі іс - әрекетің не туралы екенін айтып «жақсы» немесе «жаман» іс - әрекетін ажыратып айтады.



Картотека №12

Қайсысы қайда тіршілік етеді

Мақсаты: жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу, олардың мекен-жайын анықтау. Сөздік қорын молайту.

Көрнекілік: әр түрлі жануарлар, құстар суреті

Ойын барысы: әр түрлі жануарлар, құстарды көрсетіп, олардың қайда өмір сүретінін сұралады. Оларды немен қоректенетінін айтқызады. Балалардың сөздік қорына жаңа сөздер еңгізу үшін тапсырманы түрлендіруге болады. Олар туралы білетін тақпақтарын сұрайды

Картотека №13

«Экологиялық бағдаршам»

Мақсаты: Балаларды табиғат сұлулығын көріп, сезіне білуге, оны қорғай білуге тәрбиелеу. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін сақал-мәтел, тақпақтар, тиым сөздер арқылы білімдерін алттыру.

Ойынның шарты: Балалар бағдаршамның кез-келген түсін таңдап алады да сол түстегі тапсырманы орындайды.

Қызыл түс- тыйым сөздер

Жасыл түс- тақпақтар

Сары түс- мақал-мәтелдер



Картотека №14

«Кімге не керек»

Ойынның мақсаты: Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету

Ойынның шарты: Тәрбиеші тақтаға әр түрлі мамандық иелерінің суретін орналастырады. Үстел үстінде мамандықтарға қажетті құрал жабдықтар бейнеленген кәртішкелер. Тәрбиеші осы бейнеленген кәртішкелерді сәйкестендіріп, өз мамандық иелерінің қасына орналастыру керектігін түсіндіреді.

Мысалы: тігіншіге-ине, құрылысшыға-қалақ, мұғалімге-кітап т.б

Көрнекілігі: Әртүрлі мамандыққа қажетті құрал-жабдықтар бейнеленген карточкалар

Картотека №15

«Суретші қай жерде қателесті?»

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету.

Ойынның мазмұны.

Тәрбиеші суретшінің «Қыс» тақырыбына сурет салғанын айтады.

Балалардан оның бәрін дұрыс салғандығын тексеруді сұрайды.

Балалар қыс мезгілінде болмайтын көріністерді тауып, оның қай мезгілде болатынын айтады.



Картотека №17

«Әдемі гүл»

Ойынның мақсаты: Түстер туралы ұғымын бекіту, түстердің атын білуге машықтандыру, түрлі түсті бояудағы түстерді сәйкестендіруге үйрету, саусақ моторикасын дамыту

Ойынның мазмұны: Топқа гүл тістеген күшіктің кіруімен гажайып сәт ұйымдастырылады. Күшік аузына тістеп кірген гүл шоғын терең дем алып иіскейді де, тыныс шығарған кезде гүлдер шашырап кетеді. «Ой балалар, мына гүлдерім шашылып қалды ғой, сендер маған көмектесесіңдер ме?» -деп сұрақ қояды.

Ол үшін гүлдердің түстерін анықтайық. Әрқайсың жерден жинап алған гүлдің түсін атауларың керек. Енді осы түстерге сәйкес көбелектерді қондырайықшы-деп ұсыныс жасалады

Көрнекілігі: Түрлі –түсті гүлдер, көбелектер



Картотека № 18
«Өз мекеніне орналастыр»

Мақсаты: Үй жануарларын дала жануарларынан ажырата білуге үйрету. Үй жануарлары мен дала жануарларының қайда тіршілік ететінін білуге үйрету. Балалардың ойлау қабілетін дамыту.

Ойын шарты: Қалтада әр түрлі үй жануарлары мен дала жануарлары салынған аты аталған бала ортаға шығып қалтаға қолын салып бір жануарды алып шығады.

Алып шыққан жануардың дала немесе үй жануар екенін айтып, орманға немесе үй қасына қояды.

Көрнекіліктер: үй жануарлары мен дала жануарларының суреттері



Картотека № 19
«Гүлдерді күтеміз»

Мақсаты: балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру. Гүлдердің түрлерін (көпжылдық, біржылдық, пияз тұқымдас, шөптекті, тұқымдас гүлдерді) ажырата білуге үйрету. Гүлдер сұлулық белгісі екенін, оларды күтіп-баптап, қамқорлыққа алу керектігін түсінеді. **Ойын шарты:** гүлдерді екіге бөлу, дала гүлдерін газонның қасына іліп, ал бөлме гүлдерін үйдің қасына қою, суреттер бойынша әңгімелету.

Картотека №20
Үй жануарлары және олардың төлдері

Мақсаты: Ойын арқылы танымдық, ойлау қабілетін коммуникативтік, танымдық және әлеуметтік құдіреттілігін дамыту, сөздік қорын молайту есте сақтау қабілетін дамыту. Балаларды үй жануарларына деген сүйіспеншілігіне арттыру арқылы үй жануарларына қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Ойын барысы: Балалар алдымыздағы тақтада әр түрлі түстермен берілген ұяшықтар бар. Осы ұяшықтардың түсі дұрыс тауып айтылса, оның артынан жасырылған үй жануарлары шығады.

Үй жануарларын дұрыс тауып, төлдерін дұрыстап атап, көрсету керек.

Қажетті көрнекіліктер:
Үй жануарлары бейнеленген суреттер



Картотека № 21

«Құстарға көмек береміз»

Мақсаты: Балаларға құстар туралы білім беру, білімдерін жетілдіре түсу. Суреттер бойынша есте сақтау қабілетін дамыту. Құстарға қамқорлықпен қарауға баулу.

Ойын шарты: суреттер бойынша құстарды екі топқа топтастыру. Балалар сұрақтарға жауап береді, бір-бірінің жауаптарын толықтырады.

- Қыстап қалатын құстарға қалай көмектесеміз?
- Құстар ұяны не үшін салады?
- Құстардың денесін не жауып тұрады?

Картотека № 22

«Дауысын сал!»

Ойынның мақсаты: құстардың түрлерін және олардың дауыстарын салуды үйрету.

Ойынның мазмұны: Құстардың суреттерін таратып береді.

Кімде қандай құстың суреті, оның дауысын салады.

Көрнекіліктер: құстардың суреттері



Карточка №23

«Апта күндері»

Мақсаты: Апта күндерін атап, есте сақтай білуге үйрету

Барысы: Арнайы дайындалған карточканы көрсетіп, таныстыру.

Апта күндерін атау, карточканы таратып беру. Тақтаға шыққан бала карточкаға сәйкес өз апта атын білу керек.

Тәрбиеші бұйрығымен, «дүйсенбі» бір адым алдыға десе, тұрып қалмай алдыға шығу керек.

Бұдан соң балалар кезекпен ауысып тақтаға шығады

Керекті құралдар, көрнекіліктер:

Апта күндерін шартты түрде белгілейтін 1-ден 7-ге дейін дөңгелектермен дайындалған карточка

Карточка № 24

Сиқырлы суреттер

Мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтары: әр түрлі сурет бөлінділері.

Ойын барысы: Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлінділерден сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.



Картотека № 25
«Дұрыс көрсет, ажырат»

Мақсаты: Балалардың тағамдар мен ыдыстар туралы түсініктерін қалыптастыру, олардың атауларын меңгерту.

Ойын шарты: Балалар берілген суреттер арқылы ыдыстар мен тағамдарды бөлек жинап, атауларын айтып үйренеді

Картотека №26
Бақша да ма,бау да ма?

Мақсаты: Жемістер мен көкөністер туралы мағлұмат беру.Олардың айырмашылықтарын түсіндіру

Ойынның барысы: Тәрбиеші балаларға жемістер мен көкөністердің суреттерін көрсету арқылы олардың атауларын айтқызады.

Сонан соң көкөністердің жерде, жемістердің талда өсетінін түсіндіру арқылы сұрақтар қойып, балалардың ойынға қызығушылықпен қатыстырады

Көрнекілігі: Жемістер мен көкөністердің суреттері



Картотека № 27

«Бұл қай мезгіл?»

Мақсаты: күз мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін ажыратып айтқызу. Сөздік қорын байыту.

Көрнекіліктер: күзгі жапырақтар, суреттер.

Ойын шарты: күзгі бау- бақшадағы жемістер мен көкіністердің аттарын атап, пішіндерін, түстерін ажыратады.

Күздегі егін жинауды өмірмен байланыстыра айтады.

Күзгі жапырақтардың түстерін ажыратады.

Олардың ерекшеліктеріне тоқталады.

Күзгі ауа- райының ерекшелігін айтады.

Картотека № 28

«Балабақша» №28

Мақсаты: балабақша қызметкерлерін және оларға қажетті құралдарды дұрыс атап, ажырата білуге үйрету.

Көрнекіліктер: тәрбиеші, дәрігер, аспазшы және оларға қажетті құралдар.

Ойын шарты: тәрбиеші, дәрігер, аспазшыға керекті құрал- жабдықтардың аттарын атап, топтастырады.

Мысалы: тәрбиешіге қалам, дәптер, сызғыш т.б. құралдарды атап көрсету.



Картотека №29
«Нан қалай жасалады»

Мақсаты: балаларға нанның жасалу жолын түсіндіру. Нан жасауға қатысатын адамдар еңбегін бағалау, қадірлеуге тәрбиелеу.

Нанды құрметтеуге үйрету.

Көрнекілік: нан, бидай масағы, ұн.

Ойын шарты: нанды дастарханға келгенге дейінгі жолын көрсетіп, онда жұмыс істейтін адамдардың еңбегі көрсетіледі.

Балалар күнделікті жеп жүрген нанның ұлкен еңбекпен келетінін білетін болады.

Нан туралы ойларын кезек-кезек айтып шығады.

Мақал.

**Еңбек етсен ерінбей,
тояды қарның тілінбей.**



Картотека №30

«Мамандықтың бәрі жақсы»

Мақсаты: балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру. Еңбекті құрметтеуге дағдыландыру өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: сатушы, етікші, дәрігер, шаштараз, кеңші, құрылысшы т.б.

Ойын шарты: суреттер тақтаға ілінеді.

Балалар өздері қалаған мамандықтарын таңдап алып, сол мамандық және оның пайдасы туралы әңгімелейді.

Тәрбиеші балалардың сөйлемді байланыстырып сөйлеуін қадағалайды.

Мамандықтардың бәрі жақсы екенін, оларды құрметтеуді түсіндіреді.

